

Маңғыстау аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № 319 "Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 мамырдағы № 166 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 маусымда № 28330 болып тіркелді

Маңғыстау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № 319 "Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3984 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидаларында:

1- тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп түсуі";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп түсуі "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына сәйкес мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асырылады. Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі қараусыз қалған жануарларды берген тұлғаның, тиісті ауыл, ауылдық округ әкімінің (бұдан әрі – әкім), "Маңғыстау аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің және "Маңғыстау аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – экономика және қаржы бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады.";

3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қараусыз қалған жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру";

4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану";

5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Қараусыз қалған жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару";

6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Қорытынды ережелер".

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау ауданының әкімі

Т. Қушмағанбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК